

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№345

2018 жылғы 09 қараша

**М.Т.Райымқұловты Ақтөбе облысы
бойынша Тексеру комиссиясының
мүшесі етіп тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №150 «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 47-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 1 және 2-тармақтарына, 19-бабының 2-тармағына және 30-бабына және Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2018 жылғы 05 қарашадағы №2/3-6981 хатына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мирбулат Төлеуұлы Райымқұлов жүргізілген арнайы тексерудің нәтижелері бойынша «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісі лауазымына, D-2 санаты, Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының мүшесі болып тағайындалсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 5 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

Ә. САРМАНОВА

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА